

**1. Белгілі бір тақырыптар, оқу пәндері бойынша ұйымдастырылған, оқушылар мен мұғалім арасында, оқушылардың өздері арасында белсенді ақпарат алмасуды көздейтін ең жоғары деңгейде АКТ-ның заманауи құралдарын пайдаланатын оқу үдерісі – бұл:**

- A) қашықтан оқыту
- B) smart- оқыту
- C) stem- оқыту
- D) медиа білім беру
- E) электронды оқыту

**2. Жоғары оқу орнында білім беру мазмұнының ғылым (техника) мен өндірістің (технологиялардың) қазіргі заманғы және болжамды даму үрдістеріне сәйкестігі – бұл ЖОО-ғы оқыту ....**

- A) принциптері (қағидаттары)
- B) әдістері мен тәсілдері
- C) заңдылықтары
- D) формасы
- E) нәтижесі

**3. Ғалым Д.М.Джусубалиева қашықтан оқытудың төмендегідей принциптерін ұсынады: ізгілендіру; бастапқы білім принципі; интербелсенділік; сәйкестендіру принципі; даралау принципі; жүйелілік оқыту принципі; ашықтық және икемділік принципі; ...**

- A) интербелсенділік
- B) мультимедиалық
- C) технологиялық
- D) коммуникативтілік
- E) инновациялық

**4. Қашықтан оқыту кезінде қолданылатын ақпараттық технологияларды үш топқа бөлуге болады: ақпаратты ұсыну технологиялары; ақпаратты беру технологиялары; ...**

- A) ақпаратты сақтау және өңдеу технологиялары
- B) ақпаратты жүйелеу технологиялары
- C) ақпаратты іріктеу технологиялары
- D) ақпаратты тасымалдау технологиялары
- E) ақпаратты трансформациялау технологиялары

**5. Ақпараттық тасымалдаушылардың әр түрлерін пайдалана отырып, өз бетінше оқуға арналған оқу-әдістемелік кешендердің мамандандырылған жиынтығы түріндегі ақпараттық білім беру ресурстары – бұл:**

- A) кейс технологиясы
- B) smart-технология
- C) stem- технология
- D) ақпараттық технология
- E) интернет технология

**6. Белгілі бір пәндік аймақтың тұтас бейнесін жасайтын бір немесе бірнеше пәндерден модуль қалыптастыру мүмкіндігі – бұл қашықтан оқытудың ... принципі.**

- A) модульділік
- B) құзыреттілік

- C) икемділік
- D) асинхрондық
- E) параллельділік

**7. Оқу процесін басқа кәсіби қызметпен біріктіру мүмкіндігі – бұл қашықтан оқытудың ... принципі.**

- A) параллельділік
- B) құзыреттілік
- C) икемділік
- D) асинхрондық
- E) модульділік

**8. Білім алушыға білім алудан білімге дейінгі жол бойындағы дұрыс ілгерілеуі туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін тиімді кері байланыстың болу – бұл қашықтан оқытудың ... .**

- A) артықшылығы
- B) кемшілігі
- C) жетістігі
- D) даралығы
- E) дербестігі

**9. Қашықтан өткізілетін сабақтар, конференциялар, семинарлар, іскерлік ойындар, зертханалық жұмыстар, практикумдар және телекоммуникация құралдары мен интернеттің басқа да мүмкіндіктері арқылы өткізілетін оқу сабақтары – бұлар:**

- A) веб-сабақтар
- B) телеконференция
- C) веб камера
- D) электронды кітапханалар
- E) білім беру интернет-порталдары

**10. Қашықтан оқыту құралдары: электронды пошта; компьютер; телефон және ... .**

- A) смартфон
- B) smart- технология
- C) stem- технология
- D) ақпараттық технология
- E) интернет технология